

Базалық лауазымдық жалақының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 25 қаңтардағы N 123 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қарашадағы
№ 1359 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.11.21 № 1359 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 U973436_ Жарлығының 4-тармағының 1) тармақшасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап коэффициенттерді қолдана отырып лауазымдық жалақыларды есептеу үшін базалық лауазымдық жалақының мөлшері 2000 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге 4600 теңге деңгейінде бекітілсін.

2. Мыналар:

саяси мемлекеттік қызметкерлердің, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының, маслихаттардың тұрақты (тексеру) комиссияларының хатшылары мен төрағаларының лауазымдық жалақысы атқаратын лауазымы мен мемлекеттік қызмет (жұмыс) стажына байланысты олардың лауазымдық жалақысы мен сауықтыруға арналған жәрдемақыларды есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді базалық лауазымдық жалақының мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады;

әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық жалақысы атқаратын лауазымын әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санатының топтарына жатқызуға және мемлекеттік қызмет стажына байланысты олардың лауазымдық жалақысы мен сауықтыруға арналған жәрдемақыларды есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді базалық лауазымдық жалақының мөлшеріне көбейту жолымен айқындалады деп белгіленсін.

3. Осы қаулы 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

